

Байтенова Н.Ж., *Сақбаева А.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: Akerke-94@mail.ru

ДІНИ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

Мақалада экстремизм мен терроризмге қарсы күресудің діни аспектілері, алдын-алу шаралары зерттеледі. Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне сипаттама беру арқылы конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң, әрі дәйекті қарсы тұру жауапкершілігі қаралады. Діни экстремизмнің алдын-алу жолдарынан бұрын, пайда болу, таралу себептеріне, экстремизм мен терроризмнің түрлеріне жеке – дара сөз етіледі. Сонымен қатар, мақалада еліміздегі алдын-алу шаралары, насихаттаушылық сипаттарының көріністері, ҚР мазхаб ұстану жүйесі арнайы қарастырылады. Бүгінде республика аумағында ислам дінінің дамып, барша мұсылман қауымының игілігіне айналуына барлық мүмкіншіліктер қарастырылғаны туралы мәлемет келтіріледі. Бүгінгі таңда терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқаруда. Атап айтар болсақ, ең әуелі кадр мәселесін қолға алу үшін медреселер ашып, жасөспірімдердің діни және дүниаяуи білім алуын арттыруда. Сондай-ақ еліміздегі имамдардың білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында республика аумағында семинарлар өткізіледі.

Түйін сөздер: Қазақстан, дін, экстремизм, терроризм, конституция, этника, секта.

Baitenova N., Sakbayeva A.
Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
*e-mail: Akerke-94@mail.ru

Prevention of religious terrorism and extremism

The article deals with religious aspects of the fight against extremism and terrorism and related preventive measures. Based on the analysis of all forms of manifestation of extremism and radicalism in society, the article also examines the responsibility for violating constitutional norms. In order to prevent religious extremism, the causes of the spread and the types of extremism and terrorism are analyzed separately.

In addition, the article specifies preventive measures, the established system of mazhab in the Republic of Kazakhstan. The article also considers issues related to the opportunities for the development of the Islamic religion in the country and the welfare of all Muslim communities.

Today, in order to prevent terrorism and extremism, the spiritual management of Muslims in Kazakhstan implements a number of large-scale projects and conducts a wide range of activities. The first thing that was done is the opening of a madrassa for the preparation of imams and the resolution of the issue with the religious literacy of young people, the conduct of various seminars in the country to improve the knowledge and retraining of the country's imams.

Key words: Kazakhstan, religion, extremism, terrorism, constitution, ethnicity, sect.

Байтенова Н.Ж., *Сақбаева А.Қ.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Казахстан, г. Алматы, *e-mail: Akerke-94@mail.ru

Предотвращение религиозного терроризма и экстремизма

В статье рассматриваются религиозные аспекты борьбы с экстремизмом и терроризмом и связанные с ним превентивные меры. На основе анализа всех форм проявления экстремизма и

радикализма в обществе в статье также рассматривается ответственность за нарушение конституционных норм. С целью предотвращения религиозного экстремизма отдельно проанализированы причины распространения и типы экстремизма и терроризма. Кроме того, в статье уточняются превентивные меры, сложившаяся система мазхаба в Республике Казахстан. В статье рассмотрены и вопросы связанные с возможностями для развития исламской религии в стране и о благосостоянии всех мусульманских общин. Сегодня, чтобы предотвратить терроризм и экстремизм, духовное управление мусульман Казахстана реализует ряд масштабных проектов и проводит широкий спектр мероприятий. Первое, что было сделано – это открытие медресе для подготовки имамов и решение вопроса с религиозной грамотностью молодежи, проведение различных семинаров в стране для улучшения знаний и переподготовки имамов страны.

Ключевые слова: Казахстан, религия, экстремизм, терроризм, конституция, этническая принадлежность, секта.

Кіріспе

Қазақстан аумағында ертеден тамырын терең жайған ислам діні тәуелсіздіктен соң қайта түлеп, қазір елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өз орны мен маңызын айшықтай түсуде. Ислам жергілікті халықтардың сенім жүйелерімен, құқықтық және адамгершілік заңдылықтарымен, философиясымен, мәдениетімен араласып әрі олардың әсеріне ұшырай отыра, өзі де ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде ол өзі тараған аумақтардағы халықтардың салт-санасына етене кіріп, діни-рухани, мәдени құндылықтарының біріне айналды.

Ислам діні адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейді. Осы дінді ұстанудың, бабалар дәстүрін жалғастырып, халықтар арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайтудың, өскелең ұрпақты оған тәрбиелеудің демократиялық негізгі бағыты мен маңызы Ата Заңымызда көрсетілгендіктен де, біз зайырлы мемлекеттер санатына жатамыз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп көрсетілген.

Діни экстремизмнің пайда болуы мен көріністері бұл күндері жан-жақты зерттеліп, оған қарсы тұрудың саяси-әлеуметтік, құқықтық тетіктері жасалды әрі олар жылдан-жылға жетілдірілуде. Соның нәтижесінде бірқатар кері ағымдар қызметі тоқтатылып, олардың теріс әрекеттері халық алдында әшкереленді. Экстремизм - латын тілінен енген термин, сөздік мәні «соңғы, шеткі» деген мағынаны білдіреді, экстремизмнің саяси мағынасы – бұл шектен шыққан көзқараспен және іс-әрекетімен ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл тікелей немесе жанама түрде зайырлы қоғамдағы демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі.

Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі көріністерінде, әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жанданады. Қарап отырсақ, экстремизм экономикалық жақтан дамыған және саяси тұрақты елдерде де белең алады. «Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, көрсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады» [1, 45].

Қазіргі уақытта ел мен ел, мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы араздасу, бүліктердің туындау себебі жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

«Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал. Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кең жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты күшейтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы күресті жеке жүргізу қиындыққа соғады, бүгінгі

күні экстремизм әлемнің ауқымды мәселелерінің біріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқаруда. Атап айтар болсақ ең әуелі дін саласындағы мамандар мәселесін қолға алу үшін медреселер ашып, жасөспірімдердің діни және дүниәуи білім алуын арттыруда. Сондай-ақ еліміздегі имамдардың білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында республика аумағында семинарлар өткізуде.

Бас мүфтидің бастамасымен еліміздің түкпір-түкпірінде әр түрлі конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылуда. Алайда осындай істерді діни басқарманың ғана атқаруы жеткіліксіз. Сондықтан исі мұсылман баласы жаппай біріге атқарар болса, терроризм мен экстремизмнің алдын алуға болады деп айтуға негіз бар.

Негізгі бөлім

Біз діни құндылықтар туралы білмейінше, халықтың мәдени тұтастығын қалыптастырудағы құндылықтар рөлін анықтай алмаймыз. Діни құндылықтар – ұлт үшін немесе жеке адам үшін қасиетті сенімдер жүйесі. «Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырған әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар. Біздің еліміздің ерекшелігі – көпэностық, көптілді және көпконфессионалды болғандықтан, бүкіл посткеңістікте сияқты, исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып, дами бастады» [2, 77]. Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялары арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды [3, 9]. Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен

ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылуда. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр.

Экстремизм және терроризм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Экстремистік әрекетті алдын-алу үшін, ең алдымен таралу себептерін айқындап алуымыз шарт. Бұл біздің ел боп, қоғам боп күресуімізге көптеген септігін тигізетіні анық. Сонымен, діни экстремистік топтардың іс-әрекеттері төмендегідей көрініс табады:

Исламға (басқа дінге) үйрету деп экстремисттік идеялар таратылады;

Діни (исламдық) тәртіп үшін күресуге шақыратын топтар, партиялар ұйымдастырылады;

Билік жағынан қарсы әрекет жасалғанда жасырын жағдайға көшеді және өздеріне халықтық мүдделер үшін күресушілер тобын құрайды;

Басқа экстремисттік ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылады және бірігеді, шет ел орталықтарымен байланыста болып және олардың көмегімен билікке қарсы джихад (соғыс) жариялайды.

Сонда байқап отырсақ, экстремизм мен терроризмнің шығу себептерін талдауы барысында саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, діни-конфессионалдық көзқарастары мен қайшылықтардың еркін соқтығысуында деуге болады.

Әлемдегі жаһандық мәселелерді шешу барысында күш біріктірмесе, бұл қауіп-қатер өсуі мүмкін. Осы кезде еліміздің қауіпсізді-

гін қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады.

Терроризм мәселесін біржола шешу үшін ең алдымен мұсылмандардың ислам дінінде биік адамдық қасиеттерді, заңды қадірлей - тін мейірімді әрі тәртіпке бағынатын тұлғаның қалыптасуына басты назар аударатындығын терең түсіне білулері керек.

Екіншіден, адамның бойына этикалық қасиеттер дарытып, идеологиялық және өмірлік-стильдік плюрализмді қабылдау бейімділігіне үйрететін зайырлы білім беру жүйесі жүзеге асырылуы керек.

Үшіншіден, ата-аналар мен туған-туыстар жас ұрпақты, балаларын сүйіспеншілікке бөлеу үшін отбасы институтын күшейту керек.

Төртіншіден, қазіргі БАҚ-та көп кездесетін исламды бұрмалап түсіндіру бағытындағы ориенталистік және неориенталистік қасаң қағидалардан арылу керек.

Бесіншіден, күзіретті органдар мен мекемелерде барынша сақ, әрі объективті болу керек.

Қазіргі жаһандану заманында экстремизмнің келесі түрлерін атап өтуге болады:

Антижүйелік экстремизм;

Этникалық экстремизм;

Секталық;

Діни экстремизм (антиконфессионалдық);

Саяси экстремизм [4, 49].

Еліміздегі имамдарымыздың білімі мен біліктілігін көтеру үшін республика аумағында маңызды семинарлар өткізіліп, Бас мүфтидің бастамасымен Қазақстанның түкпір-түкпірінде дін тақырыбына қатысты конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылуда. Бірақ бұл жұмыстармен тек діни басқарманың айналысуы жеткіліксіз. Егер діни сауаттылықты насихаттаған осындай игілікті істерді бүкіл мұсылман баласы жаппай қолға алса, адамзатқа қауіп төндіретін экстремизм мен терроризмнің алдын алуға болатындығын естен шығармай қажет.

Бүгінде республика аумағында ислам дінінің дамып, барша мұсылман қауымының игілігіне айналуына барлық мүмкіншіліктер қарастырылған десек, артық айтпаймыз. Қазақстан қазіргі кезде көптеген мұсылман мемлекеттерімен саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатып, әлемдік беделі бар ислам ұйымдарының белді мүшелерінің біріне айналды. Бірақ, жалпы жағдай осылай десек те, республика аумағында исламның дамуымен діндар мұсылмандардың санының

өсуі, соның ішінде жастардың дінге бет бұруы біршама мәселелердің пайда болуына алып келді. Атап айтқанда, діндар жамағаттың біразы теріс діни жолға түсіп, зайырлы мемлекеттің заң талаптарын мойындағысы келмеді. Осы жағдайлар қоғам ортасында діннің әлеуметтік маңызы мен орнына қатысты көзқарастарды қайтадан салмақтауға алып келді.

Қазір республикадағы мұсылман жамағатының басым бөлігі діни ұстанымы мен көзқарастарында «ханафи» мазхабының ілімін басшылыққа алады. Құлшылық, ғибадаттарында ата-баба жолын ұстанатындықтан, оларды «дәстүрлі мұсылмандық сенімдегілер» деп атау әдетке айналған. Сондай-ақ, ханафи мазхабындағылар қатарына Орталық Азия елдері мен Қазақстанда бұрыннан кең тараған сопылық жолдағылар, түркиялық «сүлейменшілер» мен «нұршылар», «Таблиғи жамағат» діни миссионерлік ұйымының жақтастары енеді. Мазхабта айырмашылықтары болмағанымен, ол жамағаттар бір-бірінен белгілі бір тәртіп, талаптарға бағынуларымен, кейбір діни мәселелерде жеке көзқарастарымен ерекшеленеді [5].

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жасөспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек.

Діни экстремизммен күресуде ең басты тізгінді әлбетте – құқық қорғау органдары алады. Себебі арнайы қызмет органдары (ІІМ терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күресу комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы бөлімшесі) бар. Әрі материалдық-техникалық, қаржылық, кадрлық әлеуеті бар болғандықтан негізгі күш осы органдарға түседі.

Діни экстремизмге қарсы күрес аясында негізгі ұстанымдар мыналар болып табылады:

– заңдылық – қарсы күрес шараларын қолданғанда Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен келісімдерді және өзге де ұлттық заңнама мен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң түрде сақтау;

– кешенділік – діни экстремизм құбылыстарына қарсы күресте ескерту, алдын алу жұмыстарында негізгі күресуші субъектілердің бірігіп күресуіне күш салу;

– тиімділік – діни экстремизмге қарсы күресте неғұрлым материалдық, қаржылық, ресурстық шығындарды азайту нәтижелеріне жету;

– оперативтілік – адекваттық криминологиялық жағдайларға ескерту шараларының қолданылуы.

Бұл жерде діни экстремизмнің құбылыстарына қарсы күрес аясындағы негізгі ұстанымдар мен бағыттар айқындалады. Енді құқық қорғау органдары ішіндегі діни экстремизммен тікелей күресуші субъекті – ішкі істер органдары болып табылады.

Мақала шеңберінде діни экстремизм және терроризммен күрес жүргізуге байланысты заңнамаларын зерделей отыра, осындай жағымсыз құбылыспен халықаралық деңгейде күресуде тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында төмендегідей тың ұсыныстар жасауға болады:

– біріншіден, БҰҰ-на мүше-мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында «діни экстремизм»

және «терроризм» түсініктері мен сәйкесінше мұндай қылмыс жасаған тұлғаларға тағайындалар жаза түрі мен мерзімі бірдей болуы керек;

– екіншіден, террористік қылмыстар конституциялық және қоғамдық құрылымды жоюға бағытталадығынан, оларды халықаралық деңгейде аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызу қажет.

Қорыта келгенде, діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «Дінтану» курсы өзекті бола түседі. Дін туралы білім мектеп қабырғасымен шектеліп қалмай, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында жалғасын тапқаны жөн деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 234 б.
- 2 Байтенова Н.Ж. «Зайырлы мемлекет жағдайында дінтану пәнін оқытудың кейбір өзекті мәселелері» // «Зайырлы мемлекеттегі дін» Алматы қалалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. Алматы, 2006 ж. – 82 б.
- 3 Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. – 320 б.
- 4 Қазақстандағы діндер. (Құрастырушы) Н.Ж.Байтенова, Қ.А.Затов, Рысбекова Ш., Бейсенов Б., Борбасова Қ., Құрманалиева А., Мейрбаев Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 399 б.
- 5 <http://turainfo.kz/?p=7593>

References

- 1 Islam. E'nsiklopediyaly'k any'ktamaly'k. Almaty': «Aruna Ltd.» ZhShS, 2010. – 234 b.
- 2 Bajtenova N.Zh. «Zajy'rly' memleket zha'fdajy'nda dintanu panin oky'tudy'n kejbir ozekti maseleleri» // «Zajy'rly' memlekettegi din» Almaty' kalalyk gy'ly'mi-praktikaly'k konferenciyasy' materialdary'ny'n zhinagy'. Almaty', 2006 zh. – 82 b.
- 3 Kazirgi Kazakstandagy' zhana dini yjy'mdar. – Almaty', 2010. – 320 b.
- 4 Kazakstandagy' dinder. (Kurasty'rushy') N.Zh. Bajtenova, Q.A. Zatov, Ry'sbekova Sh., Bejsenov B., Borbasova K., Kurmanaliev A., Mejrbaev B. – Almaty': Kazak universiteti, 2008. – 399 b.
- 5 <http://turainfo.kz/?p=7593>